



Сатқалиев Алмасадам Майданұлы
*Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі*

Құрметті конференция қонақтары және қатысушылар!

Энергетика министрлігінің атынан және жеке өз атымнан «Маңғыстаудың мұнай-газ болашағы» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысушыларды құттықтауға қуаныштымын. Бүгінгі таңда Қазақстан мұнайының әрбір 5 тоннасы немесе 18 пайызы Маңғыстау облысында өндіріледі.

1950 жылдардан бастап Маңғыстау облысында жүргізілген ауқымды геологиялық барлау жұмыстары облыстың барлық аумағын магниттік және әртүрлі масштабтағы гравиметриялық түсірілімдермен, сонымен қатар 2D/3D сейсмикалық барлау жұмыстарымен іс жүзінде қамтуға мүмкіндік берді. Ұңғыманы іздестіру-барлау жұмыстары кезінде бұрғылау арқылы палеозой кешеніне/негізіне дейін зерттелді. Соның нәтижесінде ел экономикасының дамуына қызмет ететін ірі «Жетібай», «Өзен», «Қаламқас», «Қаражанбас», «Солтүстік Бозашы» сияқты бірнеше ондаған мұнай кен орындары ашылды.

Негізгі мұнай кен орындары юра-бор және кайнозой шөгінділеріне жатады. Бүгінгі таңда мұнай мен газдың жаңа қорларын ашудың әлеуеті қиын өндірілетін қорлар болып табылады. Өңірдегі көмірсутегі шикізат базасының қорын ұлғайту бойынша соңғы уақытта қабылданған шаралар ажыратымдылығы жоғары сейсмикалық зерттеулер арқылы кен орындарын игеруде қосымша барлау жұмыстарын жүргізуге, барлық қордың ұңғымаларынан геофизикалық зерттеулердің мәліметтерін қайта талдауға және С2 қор санаты бойынша бағалау жұмыстарын жүргізуге бағытталған.

Өз кезегінде министрлік салаға инвестиция тарту мақсатында 2022-2023 жылдары жер қойнауын пайдалану мәселелері бойынша «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодекске бірқатар өзгерістер енгізілді, олардың негізгілері:

күрделі жобаларды іске асыру үшін нормативтік және фискалдық преференциялардың елеулі пакетін қамтамасыз ететін Жақсартылған модельдік келісімшарт механизмін енгізу; геологиялық барлауды ынталандыру бойынша шаралар қабылдау;

«қағаз жүзінде келісу» мерзімін 2 еседен астамға, 120 күннен 50 күнге дейін қысқарту және жобалық құжаттарды мемлекеттік сараптамадан өткізу тәртібін 8-10 айға оңтайландыру.

Жер қойнауын пайдалану, әсіресе геологиялық барлау саласындағы инвестициялық ахуалды жақсарту бойынша жұмыс жалғасады.

Мұнай-газ саласы отандық экономиканың елеулі өрісі, бюджет кірісінің көзі және тұрақтылықтың кепілі екенін ескере отырып, саланың алдында терең орналасқан нысандарда және құрылымдық емес тұтқыштарда мұнай мен газды барлау мен өндірудің тиімді технологияларын табу міндеті тұр.

Бұл конференция ғылыми жетістіктер мен озық технологияларды табысты енгізуге, геологиялық барлаудың алдағы бағыттарын айқындауға, сайып келгенде жаңа кен орындарын іздеудің нақты жолдарын табуға көмектеседі.

Конференция қатысушыларына нәтижелі кездесулер тілеймін!

Основные месторождения нефти относятся к юрско-меловым и кайнозойским отложениям. На сегодняшний день потенциал обнаружения новых запасов нефти и газа – это трудноизвлекаемые запасы. Предпринимаемые в последнее время меры по увеличению запасов ресурсной базы углеводородов в регионе направлены на доразведку на разрабатываемых месторождениях путем проведения высокоразрешающих сейсморазведочных работ, переинтерпретации данных геофизических исследований скважин всего фонда и оценочные работы на категорию запасов C_2 .

В свою очередь, Министерством в целях привлечения инвестиций в сферу недропользования в 2022-2023 годах в Кодекс «О недрах и недропользовании» внесен ряд изменений, основными из которых являются:

внедрение механизма Улучшенного модельного контракта, предусматривающий значительный пакет регуляторных и фискальных преференций для реализации сложных проектов;

принятие мер, стимулирующих геологоразведку;

сокращение сроков «бумажных согласований» более чем в 2 раза, с 120 до 50 дней, и оптимизация процедуры государственной экспертизы проектных документов на 8-10 месяцев.

Работа по улучшению инвестиционного климата в сфере недропользования, в особенности для проведения геологоразведочных работ будет продолжена.

Учитывая, что нефтегазовая отрасль является значимой отраслью отечественной экономики, источником доходов бюджета и залогом стабильности, перед отраслью стоит вызов по поиску эффективных технологий по разведке и добыче нефти и газа на глубокозалегающих объектах и на неструктурных ловушках.

Ожидаем, что данная конференция будет способствовать успешному внедрению достижений науки и передовых технологий, определению дальнейших направлений геологоразведочных работ, что в конечном счете поможет найти конкретные пути поиска новых месторождений.

Желаю участникам продуктивных обсуждений!